

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 қарашадағы № 591 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 қарашадағы № 6018 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 9 тамыздағы № 993 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 09.08.2019 № 993 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

“Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы” Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қармақшы ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Ә.Қошалақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы ауданының әкімі

С. Мақашов

“КЕЛІСІЛДІ”

“Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының ішкі істер департаменті Қармақшы ауданының ішкі істер бөлімі” мемлекеттік мекемесінің бастығы

Е. Ахметов

"26" қазан 2017 жыл

Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы “31” қазандағы № 591 қаулысына қосымша

Қармақшы ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Көтермелеудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Көтермелеудің тәртібі

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қармақшы ауданы әкімдігімен құрылатын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға “Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрілігі Қызылорда облысының ішкі істер департаменті Қармақшы ауданының ішкі істер бөлімі” мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Ішкі істер бөлімі) енгізеді.

4. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес, қосымша ішкі істер бөлімі бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде, ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарға көтермелеу шараларын ішкі істер бөлімі салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

3. Ақшалай сыйақының мөлшері

8. 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.

9. Ішкі істер бөлімі ақшалай сыйақыны төлеуді облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.